



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 41/426
16 октября 2015 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

«Қазақстанда жасалған» акциясы жалғасуда

Новости стран Содружества

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» АКЦИЯСЫ БОЙЫНША ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ» АҚПАРАТ

ЗАСЕДАНИЕ ВЫСШЕГО ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОВЕТА

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен 2015 жылдың 11 ақпанында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Елбасы, «Қазақстанда жасалған» акциясын бастай отырып, барлық сауда желілерінде отандық өндірушілердің өнімдеріне арналған арнайы сөрелер орнатып, халқымызға өзіміздің отандық өнімдерді сатып алу туралы бастама көтерген болатын. Бастамаға сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясы

ты бидай ұны және ұн өнімдері, нан-тоқаш өнімдері, шұжық өнімдері, сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, консервіленген өнімдер, жармалар, тауық еті, тауық сирағы, жұмыртқа, сұйық май, маргарин, кетчуп, майонез, томат пастасы, тұз және т.б. өнімдер.

Отандық өндірушілердің өнімдерін қолдау мақсатында ағымдағы жылдың 10 қазаны күні Приозерск қаласының орталық алаңында «Қазақстанда жасалған» жәрменке акциясы ұйымдастырылды. Акцияның негізгі мақсаты өзіміздің отандық өнімдерімізді сатып алу арқылы отандық экономикамыздың дамуына үлес қосуға шақыру болып табылады. Жәрменкеге отандық өнімдерімізді қолдайтын жергілікті және сырттан келген кәсіпкерлер мен ЖШС-ің өкілдері қатысты. Отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды. Жәрменкеде сатылған азық түлік өнімдерінің көлемі 29,3 тоннаны, ал соммасы 4 млн. 220 мың теңгені құрады. Қала тұрғындары ет, көкөніс, жеміс-жидек пен бакалей өнімдерін нарықтық бағадан 20-30 пайызға төмен бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Акцияның аясында мерекелік концерт және орталық алаңда



бастау алды.

Тапсырмаға сәйкес Приозерск қаласының кәсіпкерлерімен шараның мәні мен маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қаламыздың 51 дүкеніне отандық өнімдерге арналған арнайы сөрелер орнатылды. Отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды. Бұл отандық өндірушілердің өнімдерін сатып алғысы келетін азаматтарға өте қолайлы.

«Балқашсүт» ЖШС Қарағанды облысындағы сүт өнеркәсібі бойынша алдыңғы қатардағы кәсіпорындардың бірі болып саналатындықтан, кәсіпорынның мамандарын Приозерск қаласына шақыртқан болатынбыз. Шақыртуымызға сәйкес, ағымдағы жылдың 23 сәуірі күні Балқаш көшесі 5 ғимаратының мәжіліс залында отандық сүт өнімдерін насихаттау мақсатымен жиналыс ұйымдастырылды. Кездесу барысында кәсіпорынның мамандары отандық сүт және сүт өнімдерінің түрлеріне, олардың адам денсаулығына пайдасы мен қасиеттеріне жеке-жеке тоқталып түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстандық өнімді насихаттау бағытында ағымдағы жылдың 28 сәуірінде қаламыздың тұтынушылары көп шоғырланатын «Центральный» сауда дүкенінде «Қазақстанда жасалған» акциясы аясында іс-шара ұйымдастырылды. Акция барысында отандық өнімдердің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылып, тұтынушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шарада келесі өнімдер тұтынушыларға сатылды: бірінші сұрып-

«Өз еліңді қолда» атты жастар флеш-мобі ұйымдастырылды.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы отандық өнімдерімізді ерекшеліп, тұтынушылардың елімізде өндірілетін өнімге деген тартым-



дылығын арттырады деп толық сеніммен айтуға болады.

Қорытындылай келе, «Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің қазақстандық өнімдерді сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік» - деген Елбасымыздың үндеуіне қосыла отырып, қаламыздың тұрғындарын патриот болып, өзіміздің отандық өнімдерді сатып алуға, сол арқылы отандық экономикамыздың дамуына үлес қосуға шақырамын.

Ұ. Алмас,

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ бас маманы



г.Кокчетав, 16 октября 2015 г.

В мероприятии также приняли участие президенты: Республики Армения – С.Саргсян, Республики Беларусь – А.Лукашенко, Кыргызской Республики – А.Атамбаев, Российской Федерации – В.Путин.

на координации действий по синхронизации работы ЕАЭС и «экономического пояса Шелкового пути».

Главы государств обсудили порядок взаимодействия Союза с третьими странами и международными организациями. Так, принято реше-



Открывая заседание, Нурсұлтан Назарбаев отметил плодотворность проведенных переговоров, а также практическую важность подписанных документов.

В ходе мероприятия стороны подвели итоги и наметили новые перспективы развития ЕАЭС. Были обсуждены вопросы функционирования Союза, в том числе утвержден численный состав Коллегии Евразийской экономической комиссии, внесены изменения в Регламент ее работы, а также согласована кандидатура главы ЕЭК в следующем году. Также был принят порядок принятия новых членов и прекращения членства в ЕАЭС.

Участники заседания отдельно остановились

ние о начале переговоров с Израилем касательно заключения соглашения о зоне свободной торговли.

По инициативе казахстанской стороны, были рассмотрены основные аспекты, связанные со вступлением Казахстана в ВТО.

Кроме того, был утвержден перечень секторов услуг, по которым формирование единого рынка услуг в рамках ЕАЭС будет осуществлено в соответствии с планами либерализации.

В завершение мероприятия участники подчеркнули насыщенность повестки дня и эффективность проведенной работы.

Следующее плановое заседание Совета состоится в Москве в декабре текущего года.

источник: www.akorda.kz

ҚАЗАҚТЫҢ ЕЛІ МӘҢГІЛІК

Ақ бурадай азынатып,
Құйрық-жалын таранып,
Сәйгүлік мінген заманда.
Бес қаруын бек сайлап,
Сардаланы ен жайлап,
Жауынгер жортқан даламда.

Алмас қылыш асынып,
Тіскен жауын қашырып,
Дұшпанын салған табанға.
Тайпа болып күн кешкен,
Дариялардан су ішкен,
Бөлек-бөлек қоғамда.

Жәнібек, Керей бастаған,
Жалпақ жұрты қоштаған,
Жарлық болған жаранға.
Бес жүз елу жыл бұрын,
Төгіп елге күн нұрын,
Басқан алғаш қадамға.

Біріктіріп ел басын,
Түгендесіп мал басын,
Қазақта хандық құрылған.
Мемлекет болып бірігіп,
Етек-жеңін түрініп,
Тас-түйін болып жұмылған.

Өз алдына хан болып,
Арнайы жарлық, заң болып,

Өркениетке бұрылған.
Береке-бірлік дарыған,
Ел құтылған зарынан,
Қолдасып жауға тұрынған.

Замандар өтіп бірталай,
Оқиға болып әрқалай,
Шежіре шетке сырылған.
Тарихымыз оралды,
Тауелсіз елім оянды,
Сілкініп сұңқар тұғырдан.

Жаңа бір парақ ашылды,
Шежіре-шашу шашылды,
Көтеріп елдің мерейін.
Елдігімді мадақтап,
Қалам-қағаз жарактап,
Өлеңімді төгейін.

Қазақ елі мәңгілік,
Айтайық оны ән қылып,
Қазақтың елі мәңгілік,
Тарихымды терейін.
Қазақтың елін құраған,
Аттары атпал дүр адам,

Жасасын мәңгі аттары,
Жәнібек және Керейім!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

